



СӨЖ



Дисциплина: Латын тілі
Тақырыбы: ПЕДИАТР ДЕОНТОЛОГИЯСЫ

Орындаған: 139 ЖМ Төрехан Айгерім
Тексерген: Мустафинова О.А

СЕМЕЙ 2017 жыл



ЖОСПАР:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

2.1 Педиатрия тарихы

2.2 Педиатр маман. Міндеттері,
қасиеттері

III. Қорытынды

IV. Пайдаланған әдебиеттер

КІРІСПЕ



Адам өмірінің соңына дейін хирургке жолықпауы мүмкін. Алайда туылғанынан бастап есейгеніне дейін ең көп кездесетін дәрігері — педиатрдың орны өзге дәрігерлерден бір бөлек. Баланың физикалық және психикалық дамуын бақылап, өз жасына сәйкес дамып жатқандығын қадағалап, түрлі балалар ауруларын алдын алып емдейтін бірден-бір медицина саласының мықты мамандығы ол — педиатрия.



НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педиатрияның тарихына көз жүгіртетін болсақ: бұл мамандық жеке өз алдына тек ХІХ ғасырдың бірінші жартысында ғана қалыптаса бастаған. Оның туған күні деп 1802 жыл Париж қаласында тұңғыш балалар ауруханасының ашылу күні деп саналады.

Медицинаның қажет емес дейтін саласы жоқ. Ал балаңыздың денсаулығын қадағалаушы дәрігер педиатрдың орны ерекше. Ата-ана вакцинацияның не үшін қажет екендігін, баланың эмоционалды проблемаларын біле бермеуі мүмкін. Бірақ оларды қашанда «Біздің сәбиіміз дұрыс дамып келеді ме?» деген сұрақ мазалайды. Осындай сұрақтарға жауап беріп, баланың ағзасындағы өзгерістерді бірден анықтай алатын дәрігер — педиатр.



Бұл мамандық өте үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бала ата-ананың ең асылы болғандықтан, денсаулығының нашарлауына себепші болған педиатрдың қателігін ешқандай ата-ана кешіре қоймас. Педиатр нешетүрлі жағдайларда жұмыс істейді. Мысалы, участкелік дәрігер көбіне баламен екпе салып, жоспарлы қаралуға келген кезінде ғана кездесетін болса, реанимацияға келген педиатр мүлдем өзге балалармен кездеседі...






Бала әбден сауығып шыққанша оның үйі – аурухана, әке – шешесі – емдеуші дәрігер мен мейіркеш. Үйінде жүргенде бала ата-анасынан қандай қамқорлық, мейірімділік, жылылық көріп келсе, дәл сондай қамқорлық, мейірімділік пен жылылықты ауруханада жатқанда дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлері тарапынан да сезінуі керек. Сырқат балаға барынша қолайлы жағдай тудыру қажет. Сонда ғана бала ортаға тез үйреніп кетеді.



Өзін-өзі сыйлайтын мәдениетті дәрігер мен орта буын медицина қызметкерлері медициналық этика мен деонтологияның засырлардан бері жинақталған білім бұлағынан сусындап, бойына сіңіріп, өзін үнемі жетілдіріп отырғанда ғана жақсы дәрігер, үлгілі медицина қызметкері бола алады.



«Жаңа туған қызыл шақа нәресте сенің қайсыбір әңгіменді, мәдениетінді, жылы сөздерінді түсінеді?» - деген дәрігерлердің арасында еш негізі жоқ жаңсақ пікір бар.

Тіпті көздерін әлі аша қоймаған шала туған нәрестелердің здері де «осы баланы қайткен күнде емдеп шығуым керек!» деп бар жан-тәнімен, шын ықыласын сала емдеуге кіріскен дәрігердің күдіретті алақанынан, лүпілдеп соққан жүрегінен, үздіксіз шарқ ұрған сана-сезімінен тіршілігіне қажетті қосымша қуат алады.

Ересектермен салыстырғанда баланың өзіне тән ерекшеліктері болады. Балалар тым сезімтал келеді. Бала денесінің ауырған жерін дәл басып айта алмайды. Балалардың психикасының зақымдануы кішкентай сәбилерде де байқалуы мүмкін, әрі ол көп уақытқа дейін есте сақталып қалады. Үлкендерге қарағанда сәбилер психикасы тез зақымданғыш келеді. Сондықтан да балаларды тексерген, емдеген кезде дәрігерге өте сақ болған жөн. Балаға жөні жоқ зекіріп ұрсуға, жазалауға, ескерту жасауға болмайды.



Ауырып түскен бөбектерге әртүрлі ойыншықтар беріп, көңілдерін көтеріп, назарларын бойындағы кеселінен, ақ халатты дәрігерлерден басқа жаққа аударуға тырысқан дұрыс.



ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Бүгінгі өзіндік жұмысымды қорытындылай келетін болсам, педиатр маманына қойылатын талап медицина салаларының басқа да мамандарынан қарағанда әлдеқайда жауапкершілікті, мұқияттылықты, жанашырлықты, түсінушілікті қажет ететінін байқауға болады. Бұған негізгі себептер – бала жанының нәзіктілігі, сезімталдығы мен психикасындағы ерекшеліктер екені аталған болатын. Сол себепті, педиатр маманы боламын деген болашақ түлектерге ең алдымен өз бойларына ең алдымен, шыдамдылық, толеранттылық сезімдеріне сіңіре білу керек екенін айтқан жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Хирургиялық кеселдері бар балалардың күтімі», С. Ешмұхамбетов
2. Б. Хабижанов, Педиатрия I том, Алматы 2012
3. Ғаламтор желісі:
<http://kazmedic.kz/archives/category/pedyatrya/page/6>

Назарларыңызға
рахмет!